

## **"Toronto-Almaty" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгілеу туралы**

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2026 жылғы 15 мамырдағы № 150 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17- бабының 5- 1) тармақшасына, 69, 71-1- баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31- бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Toronto-Almaty" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін 2027 жылғы 26 ақпанға дейінгі мерзімге жер учаскелерін алып қоймай, Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының жерлерінде орналасқан жалпы ауданы – 2200,4722 гектар жер учаскелеріне қаумдық сервитут белгіленсін.

2. "Toronto-Almaty" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға шығындарды толық көлемде өтеуді қамтамасыз етсін, залалдардың мөлшері мен оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімдері бойынша белгіленсін.

3. Барлау жұмыстарын жүргізу мерзімін, олардың нақты орнын, шығындарды өтеу және жердің нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерді айқындау мақсатында уәкілетті органдармен пайдаланған жер учаскелерін жарамды күйде тапсыруға міндетті.

4. "Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі

*Қарқаралы ауданының әкімінің м.а.*

*С.Мусин*

Қарқаралы ауданының әкімдігінің  
2026 жылғы "15" мамыр  
№ 150 қаулысына  
қосымша

**"Toronto-Almaty" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі (2021 жылғы 26 ақпандағы №1259-ЕЛ лицензиясы)**

--	--	--	--	--

№	Орналасқан жері	Кадастырлық номері	Жалпы көлемі, га	қауымдық сервитут белгіленуге жататын учаскелердің бөліктерінің ауданы (лицензия шекарасында) га;
1	Шайманов Жаксылык Кошербайулы	09:133:056:040	3098,0000	1107,5900
2	Абуталипова Гульнар Баяхановна	09:133:056:071	2249,9477	24,8933
3	Шайманов Жаксылык Кошербайулы	09:133:056:070	1996,6312	222,7963
4	ШҚ"Абылай" Мырзамбеков Арман Ермекулы	09:133:056:069	2150,0000	844,4956
5	ШҚ"Абылай" Мырзамбеков Арман Ермекулы	09:133:056:073	3007,9237	0,6970
	Барлығы			2200.4722